

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу және Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 29 қыркүйектегі N 964 Қаулысы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 210 қаулысымен бекітілген Мемлекет басшысының "Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында" атты Қазақстан халқына 2005 жылғы 18 ақпандағы Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық жоспардың іс-шараларын орындаудың желілік кестесінің 58.5-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер бекітілсін.

2. Қосымшаға сәйкес Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 5 ж ы л ғ ы 2 9 қ ы р к ү й е к т е г і
N 9 6 4 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер

1. "Тұрғын үй жағдайын жақсартуға мұқтаж мемлекеттік қызметшілерге жеке тұрғын үй салу үшін жер учаскелерін берудің тәртібі мен шарттары жөніндегі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 7 маусымдағы N 720 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 27, 235-құжат):

кіріспедегі "Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар 1995 жылғы 26 желтоқсандағы N 2730 Жарлығының 26-бабының" деген сөздер "Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 маусымдағы Заңының 24-бабының" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

көрсетілген қаулымен бекітілген Тұрғын үй жағдайын жақсартуға мұқтаж мемлекеттік қызметшілерге жеке тұрғын үй салу үшін жер учаскелерін берудің тәртібі

мен шарттары жөніндегі ережеде:

3 - т а р м а қ т а :

"0,15" деген сандар "0,10" деген сандармен ауыстырылсын;
("Азаматтар мен заңды ұйымдарға жер учаскелерін беру нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 8 сәуірдегі N 401 қаулысымен белгіленген азаматтарға тұрғын үйді салу және қызмет көрсету үшін жер учаскелерін беру нормаларынан айырмашылығы - 0,1 гектар)" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н .

2. "Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 маусымдағы N 790 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 29, 256-құжат):
көрсетілген қаулымен бекітілген Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың т і з б е с і н д е :

"Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі" деген б ө л і м д е :

"Байланыс" деген кіші бөлімдегі реттік нөмірі 58-жол алынып тасталсын.

3. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.07.2015 № 597 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.07.20. N 1102 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3 - т . қ а р а ң ы з) Қаулысымен .

5. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.06.02. N 452 (2007 жылғы 9 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен .

6. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007.12.29 N 1385 Қаулысымен .

7. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.06.11 N 481 (2007 жылғы 9 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и қ а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 5 ж ы л ғ ы 2 9 қ ы р к ү й е к т е г і
N 9 6 4 қ а у л ы с ы н а
қосымша

Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "1992 жылы республиканың мұнай-газ өндіретін және мұнай-газ айыратын өнеркәсібінің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы" Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 20 қарашадағы N 713 қаулысы.

2. "Қорғаныс кешені электротехникалық және машина жасау кәсіпорындарының Қазақ мемлекеттік корпорациясы туралы" Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 5 желтоқсандағы N 761 қаулысы.

3. "Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі жанынан республикалық сыртқы экономикалық "Құрылыс" бірлестігін құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 5 маусымдағы N 505 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1992 ж., N 22, 360-құжат).

4. "Қазақстан Республикасы тұтынушылар қоғамы одағының (Қазтұтынуодағы) валюталық қорын құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 22 қыркүйектегі N 790 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1992 ж., N 36, 557-құжат).

5. "Ауыл шаруашылығы машиналарын жасау және агросервистік қызмет көрсету жөніндегі "Қазагрожөнмаш-холдинг" акционерлік холдингтік компаниясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 9 қарашадағы N 942 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1992 ж., N 44, 646-құжат).

6. "Қазақстан Республикасында отқа төзімді материалдар өнеркәсібін дамыту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 22 желтоқсандағы N 1070 қаулысының 5, 6-тармақтары (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1992 ж., N 49, 718-құжат).

7. "Әлемдік энергетикалық кеңестің Қазақстан ұлттық комитеті туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 6 мамырдағы N 371 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1993 ж., N 16, 191-құжат).

8. "Шығыс Азия туристік одағы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 13 мамырдағы N 388 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1993 ж., N 17, 201-құжат).

9. "Мемлекеттік немесе қоғамдық мұқтаждықтар үшін жер учаскелерін алуға байланысты азаматтарға бұзуға жататын олардың үйлерінің (пәтерлерінің), құрылыстарының, құрылғыларының және жеміс-жидек екпелерінің құнын анықтау және өтеу тәртібі туралы ережесі бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 3 маусымдағы N 450 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1993 ж., N 21, 257-құжат).

10. "Қазтұтынуодағының 1993 жылғы 1 тоқсандағы тауар алмасу (баспабос) операциялары туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 14 маусымдағы N 504 қаулысы.

11. "Қазмұнайөнімі" концерніне дизель отынының экспортына қосымша квота бөлу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 17 маусымдағы N 509 қаулысы .

12. "Алауғаз" мемлекеттік холдинг компаниясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 2 қыркүйектегі N 770 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1993 ж., N 34, 397-құжат).

13. "Қазақгаз" Мемлекеттік холдинг компаниясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 9 қыркүйектегі N 851 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1993 ж., N 36, 851-құжат).

14. "Агроөнеркәсіп кешені салаларын қосалқы бөлшектермен қамтамасыз етудің республикалық бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 28 ақпандағы N 231 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1994 ж., N 12, 113-құжат).

15. "Прибор-Алматроникс" ғылыми-техникалық бірлестігінің Қазақстан Республикасында ғылымға сүйенетін өндірістерді дамыту жөніндегі қызметін қолдау туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 3 мамырдағы N 468 қаулысының 3, 4, 5, 7-тармақтары.

16. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Қорғаныс тапсырмасын материалдық, қаржы-кредиттік және құқықтық қамтамасыз ету шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 1 тамыздағы N 864 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1994 ж., N 33, 363-құжат).

17. "Сәулет-қала құрылысы құжаттамаларын сараптау мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 8 желтоқсандағы N 1395 қаулысымен бекітілген Объектілер мен кешендерді салу, кеңейту, қайта жанарту, техникалық қайта жарақтандыру және күрделі жөндеуге арналған сәулет-қала құрылысы құжаттамаларын сараптау мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 5-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1994 ж., N 46, 517-құжат).

18. "Қазақстан Республикасының тұтынушыларын газбен қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 12 желтоқсандағы N 1399 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1994 ж., N 46, 520-құжат).

19. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 2 қыркүйектегі N 770 және 1993 жылғы 9 қыркүйектегі N 851 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 16 наурыздағы N 275 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., N 9, 104-құжат).

20. "Жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскесіне құқық беруге арналған өтінішке азамат қоса ұсынатын құжаттар мен мәліметтердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 5 маусымдағы N 777 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., N 20, 226-құжат).

21. "ЮТЭК" отын-энергетика компаниясының Президенті және Байқаушы кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 7 тамыздағы N 1089 қаулысы .

22. "Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдарында қызмет өткеру туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 наурыздағы N 365 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 15, 193-күжат).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК